



Автор: Бекенбаева Арайлым Нурлыбаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 7-сынып

Бөлім: X – XIII ғғ. Қазақстан

Тақырып: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.2.2-Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	БО: Аңырақай шайқасынан кейінгі қазақ жүздерінің ішкі және сыртқы саяси жағдайын сипаттау арқылы қазақ елінің аса күрделі саяси жағдайға тап болуының себептерін талдау. ББ: Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық, миграциялық және сауда-экономикалық жағдайын өзгертуінің барысын өткен сабақтармен байланыстыра отырып талқылау КО: Әбілхайыр ханның Ресеймен одақтасудағы басты мақсатын анықтай отырып, қазақ елінің сол кезеңдегі ішкі жағдайы мен сыртқы геосаяси жағдайын салыстыру
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар оқулықтан Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуінің себептері тақырыбын оқиды. /оқылым/ Оқу үрдісінде қаңқаның басына мәтін қарастырылатын проблема белгіленеді. Жоғарғы «қосымша бұтақтарында» проблеманың себебі белгіленеді, төменгі «сүйекшелерінде» оқу барысында себепті нақтылайтын дәйектер жазылады. Балықтың «құйрығына» қорытынды жазылады.
Күтілетін нәтиже:	Сыни тұрғыдан ойлауда ашық сұрақтар қою және топтық жұмыс арқылы сыни тұрғыда ойлау.
Бағалау критерийлері:	Әбілхайыр ханның Ресеймен одақтасудағы басты мақсатын анықтай отырып, қазақ елінің сол кезеңдегі ішкі жағдайы мен сыртқы геосаяси жағдайын талқылайды
Құндылықтарды дарыту:	Қазақ халқының тарихы-бұл бірігу тарихы. Тек бірлікті сақтай отырып қана, қазақтар бірегей мәдени-өркениеттік кодқа, ортақ тілге және дәстүрге ие халық ретінде сақталып қалды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сыныпта жеке және топтық жұмыстарды жүргізуге ыңғайлы, қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы, Қазақ әдебиет
Бастапқы білім:	Ресей бодандығы туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3-5мин)	Ұйымдастыру кезеңі «Өзіңе тілеген тілегіңді-өзгелерге тіле» әдісі: жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Үй тапсырмасын сұрау: Өткен тақырыпты қайталау Ж. «Тізбек бойынша сұрау» әдісі: 1. Әскери-саяси шеп дегенді қалай түсінесің? 2.Көпес деген кімдер? 3.Бекіністер дегеніміз не? 4.Әскери отарлау қалай басталды? 5.Орыс мемлекетінің қазақ жетіне көз салуының себебі неде? 6.Қазақстан ресей үшін неліктен Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» болды? Қ. «Ынталандыру үшін мадақтау».	карта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10мин)	<p>Оқушыларды 3-топқа реттік сандар арқылы біріктіру Мұғалім түсіндірмесі: Жаңа сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және жаңа тақырып туралы қысқаша мәлімет беріп өтеді. Б. Тапсырма-1 Оқулықпен жұмыс.«Ақпаратты сүзу» әдісі 1.Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуінің себептері тақырыбын оқиды. БТ. Тапсырма-2 «Балық қанқасы» әдісі: 1-топ. 1.Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық, миграциялық және сауда-экономикалық жағдайын қалай өзгерткенін сипаттаңыз; Дискриптор: - Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайын өзгерткенін анықта - Жоңғар шапқыншылығынан кейінгі миграциялық өзгерісті түсіндір - сауда-экономикалық жағдайын қалай өзгерткенін сипатта; 2-топ. 2. Неліктен Әбілхайыр хан әскери одақ туралы келісім емес, бодандық туралы келісімге келуді ұйғарды? Себебін анықтаңыз. Дискриптор: - Әбілхайыр хан Ресеймен қандай одақ құруды мақсат еткенін анықта - Әбілқайыр хан Ресейдің бодандығын қабылдау себебін түсіндір 3-топ. 3.Әбілхайыр хан Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?. Дискриптор: - Әбілхайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға хат жазу себебін түсіндір - Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатынан кейінгі жағдайды анықта</p>	карта.ребустар
Сабақтың соңы (10-5мин)	<p>Ж. Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы 1 «Бас бармақ» - басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2 «Балалы үйрек» - бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым? 3 «Ортан терек» - ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым? 4 «Шылдыр шүмек» - шынайылық Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5. «Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? Үй тапсырмасы: Әбілқайыр ханның Ресейге қосылуының басты мақсатын анықта.</p>	тірек сызба
Рефлексия (7-1мин)	<p>Саралау: 1. Тапсырма-құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, 2.Диалог және қолдау көрсету- оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын-ала дайындалған сұрақтар беремін. 3.Дереккөздер-кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады; Үй тапсырмасын сұрауда «Тізбек бойынша сұрау» әдісі. Қ. Ынталандыру үшін мадақтау БТ. 2-Тапсырма. «Фиш-боун» әдісі арқылы: Қ. Топтың жұмысын дескрипторды негізге алып бағаладым. Психологиялық тұрғыдан алғанда, сыныпта жеке және топтық жұмыстарды жүргізуге ыңғайлы, қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. .</p>	карта